Көшті тоқтатпаңыз, жалғастырыңыз, Нұрсұлтан аға!

«Халықаралық «Қазақстан-Zaman» газетінің «Дат, тақсыр!» айдарында Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевқа бағышталған «Заң жүзеге асса, 5 млн. қазақтан тірідей айырыламыз» атты Сәуле Мешітбайқызының мақаласы жарыққа шыққанда, аландап отырған ағайын бір қуанып қалғаны рас. Іле-шала бұл мақала «abai.kz» сайтында көшіріп басылды. Өзге де қазақтілді сайттар бірінен-бірі көшіріп басып жатты...

Содан бері әлеуметтік желіде болсын, газет бетінде болсын лапылдап жанған Сәуле Мешітбайқызының отты ойлары, аналық жан айқайы қызуын шашып, «жаурап қалған» ораман деген ағайынды «жылытуға» жарап-ақ тұр. «Қотырымызды қасып», миллиондаған қандастарының тіршілігіне аландаған Сәуле Мешітбайқызының жан айқайына Елбасының бастамасымен, шеттен келген ағайындарға арнап салынған Нұрлы көш ауылының тұрғындары да үн қосуға даяр екендіктерін білдіріп, хат жазуда. Көшті қаңтаратын заңның қабылданғанына олар да қатты аландаулы. Бұл заң қазақтың елдігіне, келешегіне орасан зор нұқсан келтіретін болғандықтан, үнсіз қалуды жөн көрмеген ағайынның бірі Тұрғанбай Жырғау (Нұрлы көш ауылының «Қоғамдық, серіктестік одағы» төрағасы, заңгер) хатында былай депті:

Оңнан солға қарай Д.Дәлелханұлы, Тұрғанбай Жырғау

Қазақ елі тәуелсіздік алған 1991 жылы Елбасымыздың шеттегі қазақтарды Отанына шақырған үндеуі жарияланып, Моңғолиядағы қазақтар үдере көшті. Көш басталғаннан, қаңтарылғанға дейінгі 20 жылда 1 млн. қазақ тарихи Отанына оралыпты. Бұл қазақ елінің береке-бірлігін, қуат күшін арттыруға үлкен себін тигізді. Келген қандастарымызға арнап салынған Нұрлы көш ауылының өзі бір жарым мыңға таяу адам тұратын қалашыққа айналды. Бұл ауылда 8 елден келген қазақтар, тату-тәтті, береке-бірлікте, ынтымақпен тұрып жатыр. Кей басшылардың немкеттілігі мен парықсыздығынан, құрылысшылардың құлықсыздығынан, оралмандарға салынған құрылыс сапасыз болып, біраз шу болғаны жасырын емес. Сапасыз салынған құрылыстың зардабын сезінген, ауыл тұрғындарының жүдеу жағдайына аландаған «Қазақстан-ZAMAN» халықаралық, саяси-танымдық газеті бұл проблеманы алғашқы лекте көтеріп, үнемі назарларында ұстап отырды. Аталмыш мақаланың авторы Сәуле Мешітбайқызы апайымыз, біздің жағдайды облыс әкімінен бастап, жоғарғы лауазым иелеріне жеткізуге күш салды. Соның нәтиежесі болар, 2012 жылы облыстың бұрынғы әкімі Қ.Қожамжаров 200 млн. теңге қаржы бөлгізіп, қабырғалары жұқа салынған үйлерге жөндеу жасап берді. Қазіргі әкім Қ.Айтмұхаметов те біздің ауылдың жағдайына аландап, көмектесіп келеді. Енді міне, қазақ көшінің қаңтарылуына соқтырған заң жүзеге асқалы тұрғанына аландап, Президентімізге «Дат» жазып, мән-жайдан хабар беріп жатқан «Қазақстан-ZAMAN» газетіне үн қосуды жөн көрдік. Шеттен келген қандастарын қаралаған билік басындағылар мен қоғамдық ұйым өкілдері жетерлік. Көзге түрткі болып, келеңсіздікке ұрынып жүрген ағайындарымыздың барына біз де өкінеміз. Бірақ бір-екі оралманның кемшілігі үшін шеттегі 5 млн. қазақты қаңтару орны толмас өкінішке ұрындырады. Қазір Нұрлы көш ауылында 270 отбасы тұрып жатырмыз. Сен моңғолсың, сен қытайсың, сен өзбексің деген алауыздық жоқ. Бәріміз де бір қазақтың баласы болғандықтан, осы елдің толыққанды азаматы ретінде өмір кешіп жатырмыз. Сәуле апайымыздың көшті жандандыру жайлы жазған «Датын» ауылдағы көзі қарақты ағайындардың бәріне таныстырдық, көмелет жасындағы 700 адам қолдап, қол қойды. Біздің жанайқайымыз Елбасымызға жетіп, заң қайта қаралып, қазақ көші қайта жандансын деген тілек, өтінішіміз бар.

Дахай Дәлелханұлы, ауыл ақсақалы, Моңғолия сауда саласының ардагері:

— Мен атамекеніме 2009 жылы көшіп келдім. Көш қаңтарылмай тұрып келіп алғаныма қуансам да, артымда қалған туыстарыма аландаулымын. Өзім сауда саласында істегендіктен, Моңғолияда жариялылық басталғанда, жеке кәсібімді аштым. Сол кәсібімнің нәтижесін көріп отырсам да, атамекенге ынтам ауып, кәсібімді балаларыма қалдырып, көшіп келдім. Енді сол балаларымды ерте келмегеніме өкініп отырмын. Жалпы мен емес, барлық ағайындар көштің тоқырауына қатты аландаулы. Біз Моңғолиядан күн көре алмай келгеніміз жоқ. Ұлтымыз, еліміз, ұрпағымыз үшін келдік. Басында көшуге аса құлшынбай, Қазақстанның жағдайына көз қырымызды салғанымыз рас. Қазақ елі бірлік-береке-мен, қуатты ел болатынына сеніп келдік. Әлі де сенеміз. Бірақ көштің тоқтағаны түсінбестіктен болды деп ойлаймын. Көшіп келген жылы Көші-қон басқармасы арқылы осы ауылдан үй алып тұрып жатырмыз. Көршілер, ауыл тұрғындарымен араласып, тату-тәтті тұрып жатырмыз. Үйіміз жаман емес. Аздаған жөндейтін жерлері бар. Өз үйіміз болған соң, өзіміз жөндеп аламыз. Бірақ кей үйлердің сапасы өте нашар болғандықтан, кей ағайындардың қиналып отырғаны да рас. Қазақ — «шүкіршіл» халық. Осы баспанамыздың барлығына қуанамыз. Елбасының келген ағайындарға жасаған қамқорлығы да орасан зор болғанын білеміз, түсінеміз. Қазақ қуатты ел болу үшін, халқының саны мол, береке бірлігі зор болуы керек. Елбасының салихалы саясатын, өткен қаңтар айындағы Жолдауындағы «Мәңгі ел» болу идеясын толық қолдаймыз. Балаларымның бәрі қазір жұмыста. Елімізге ерінбей, аянбай еңбек етуді мақсат тұтамыз. Бірақ көштің тоқырауға ұшырағаны бізді аландатып отыр. Көш қайта жандансын деген тілекке өзіме қарасты 11 адам толық қосыламыз. Баршаңызды осы игі іске үн қосуға шақырамын.

ТҮЙІН:

Егер сырттан оралған 1 млн. қазақ жылына бір пайыз өссе, қазақтың саны 10 мыңға артады екен. Балшықтан бала жасай алмай отырған елге бұл үлкен үлес емес пе? Ал осындай өсім, үлесті шектеп, көшті тоқтатқанымыз ақылға қонып, адамшылыққа жата ма? Қазақстанның, елді ұйыстырушы ұлттың бірлігі, ынтымағына, өркеніне балта шабу емес пе бұл? Мәңгілік ел болу үшін, қазақ шашырамай, мәңгі бірге болуы керек. Мәңгі бірге болу үшін қазақ көші қайта жандануы шарт. Бұл — шеттегі 5 млн. қазақтың тағдыры. Барша қазақтың талап-тілегі! Қазақтың бірлігі жарасса, Мәңгі елдің тірлігіне ұласады.

Нұрлы көш ауылы — оралмандар ауылы. Көштің тоқырауына аландаған осы ауылдың «Қоғамдық, серіктестік одағы» төрағасы, заңгер Тұрғанбай Жырғау бауырымыз 600 адамның қолын жинап, әзірлеп қойыпты. Соны қоса жіберіп отырмыз.

Көштің жандануын қолдаушылардың тізімі:
(Оралмандар): 1. Хатран Жанболат (Красный яр), Төлеу Баянбек (Зеренді ауданы, Раздольный), Хиябай Жангүл (Шортанды ауданы), Ханай Хуатбек (Ақжар ауданы, Ақжарқын ауылы), Сауыржан Дәлелхан (Көкшетау қаласы), Өмірзақ Серікбол (Красный яр), Муньян Уатхан (Макинка ауданы), Көкен Мұратбек, Мұса Маржан.

Барлығы 600 адам

Дахан Шәкшир

ОҚЫРМАНДАР ПІКІРІ

Дидар Сәрсенбекова:

— Бұл хатты оқыған соң, қазақ десе қайыспас қара нардың жүгін көтеретін аналар азаймасын деп тіледік. Қашан да түйткілі мол мәселенің турасын айтар апамыз бұл тақырыпта та қалыс қала алмапты. Алла тағала дені-ңізге саулық берсін. Бізде жетпеген жігерді сіздегі жасын ойларға жанып алып отырайық. Көтерген мәселеңіз аса салмақты. Құдай өзі дұрыс шешім болуын қолдасын дегеннен басқа не айта аламыз, Сәуле Мешітбайқызы!

Жарқын:

— Көпті толғандырып, ешкімді бейжай қалдырмайтын түйткіл екенінде сөз жоқ! Осындайда, шыны керек, құнды пікір айтып, артық кеткендерді тезіне түсірердей арыдан сөз қозғайтын зиялыларды іздейді екенсің. Мақаланы алыс-жақын шетелдегілер жамырай талқылап, басшыларымызды орынды-орынсыз сынға алып жатқанда, ешкімнің селт етпеуі жанға бата бастады. Қалайша қарап отырсыздар? Ертең Елбасы осы мәселе туралы сөз қозғай бастағанда ғана бой көрсете бастайсыздар ма? Мен Елбасына сенемін, ол кісінің назарынан ештеңе тыс қалмайды, қалған да емес!

Бағдал Ақынұлы:

— Қазақта «Алтын шыққан құдықты белден қаз» немесе «Темірді қызғанында соқ» деген аталы сөз бар. Олай болса жұдырықтай жүрегі «елім, жерім, ұлтым» деп соққан әрбір зиялы қазақ бұл мақаланы қолдай отырып, қазақ көшінің қайта жалғасуына атсалысар деген үміттемін. Ата-бабаларымыздың өсиеттеп кеткен аманатына қиянат жасамайық, ағайын. Ауызбіршілікте болайық, көбейейік, көркейейік! Алла бізді ажыратудан, араздастырудан сақтасын.

Орынбасар Бегалин:

— Қазақ көшінің заңмен тоқтатылуы қазақ билігінің «мен қазақпын!» деген адамның жүрегіне қара қанжарды сұққанымен бірдей болды. Еш ақылға сыймайтын бұл істі биліктегі қазақтың қазаққа деген өшпенділігі деп ұқтым. Қатты ашындым. Ызадан көзімнен жас парлап кетті. Сәуле апа, сізге ізгілікті үніңіз үшін ақ алғысымды білдіремін.

Күмісбек Сайлауұлы:

— Мен Моңғолияның Баян-Өлке қаласынанмын. Көштің тоқтауы — бас пен сирақтың ажырауы. Көштің тоқтауы — түйенің ботасынан айырылуы. Көштің тоқтауы тар жол тайғақ кешу заманындағы туыс пен туғанның ажырағанымен бірдей. Бұл — дүниежүзіндегі қазақтар үшін өзекті мәселе. Хатқа жоғарыдағы 1000-ға жуық қазақ емес, барлық атажұртын аңсаған қандастар қолдау білдіреді деп ойлаймын.

Базаргүл Сайлауқызы (Моңғолия, Заң университетінің студенті):

— «ҚАЗАҚСТАН-ZAMAN» газетінің бірінші орынбасары Сәуле Мешітбайқызына! Ардақты ана, сіздің «Заң жүзеге асса, 5 миллион қазақтан тірідей айырыламыз» атты Елбасына арнаған хатыңызды қуанышпен оқыдық. Шеттегі қандастарыңыздың тағдырына аландай отырып, аналық мейіріміңізбен жазған жүрекжарды бұл хатыңызды біз, Моңғолияның Заң университетінің студент жастары, қолдап, сізге ризашылығымызды жеткізуді жөн санадық. Сондықтан да жетім қозыдай екі елдің ортасында жәудіреп жатта жүрген бізді басымыздан сипап, бауырға тартар тек өз қандастарымыз — сіздер ғана. Сол үшін де біз тек сіздерге ғана үміт артамыз.

Қуаныш Тыныбек:

— Бір ауыз сөз... Бөлінгенді бөрі вана емес, бөрі жейді!

Өзімізді-өзімізге жат қылып, ағайын мен бауырды бір-бірінен көз жазып қалуға мәжбүр қылған сұм замандар болатын. Осының бәріне жеткізген "іштен шыққан жау", қазақтың мансапқұмарлығы, билікке таласуы, "Бас басына би болған, өңшең қиқымдығы" (Абай) еді. Енді өзімізді-өзіміз тани бастаған тұста кейбір ағайындар тағы да сыңаржақтыққа басып "Ол жақтағы қазақтар өлмейді, оған бас қатырмаңдар", "40-50 жылда оларға ештеңе болмайды" дейді. Бұл не сөз? Ей, ағайын, сен болмасаң да, сенен туған ұл-қыздың Қытайда қалғаны — қытайша, Моңғол жерінде қалғаны моңғолша хат таныса, тілінің тамыры қиылғандық емес пе?

МАҚАЛАМА ПІКІР БІЛДІРІП ЖАТҚАНДАРҒА АЛҒЫС АЙТАМЫН!

Сәуле Мешітбаева:

— Құрметті алыс-жақындағы ағайын! Менің "Заң жүзеге асса, 5 млн. қазақтан тірідей айырыламыз" атты мақалама үн қосып жатқандарыңызға алғыстан басқа айтарым жоқ. Қазірдің өзінде www.kazakhstanzaman.kz сайтында бірнеше адам пікір қалдырып, 7000-нан аса адам оқыпты. Ал көшіріп басқан shyn.kz сайтында 3625 адам оқып, қаншама ойлы пікірлер қалдырған. Елге танымал abai.kz сайтында 213 адам оқып, 36 өзекті пікір орнығыпты. «Сайгез» ақпараттық сайтында 600 аса адам оқыған (өзге де аты аталмай қалып жатқан сайттар болса, айып етпесін). Бәріне де аналық алғысым зор. Мақалама жазылған пікірлерді саралап отырып, ел екенімізді, «жыланды үш кессе де кесірткелік қауқары болатынын» түйсіндім. Бұл менің ғана емес, барша қазақ халқын толғандырып отырған проблема екенін әр жүректің сезінгенін аңғартты. Қазақ секілді мәрт халықтың жан-жағына тәкаппарлана қарап, сергектік таныта бастағанын көрсетеді. Қазақ халқы ұйқыдан баяғыда оянған. Елін өрге сүйреген Елбасына да ризашылықтары зор. Тек қандастарына салқындық танытып отырған белгілі бір топтарға ғана өкпесі қара қазандай. Мақалама шетелдегі қандастардың жақсы пікір білдіріп, белсенділік танытып жатуының да мәні тереңде жатыр... Бұл — елдігіміздің, ұлт болып ұйысып келе жатқанымыздың бір белгісі! Мен бұл мақалам арқылы билікті қаралауға, біреулердің жүрегін жаралауға ұмтылмадым. Бұл мақалам ел ертеңі — қазақтың, болашақ ұрпақтың, ұлан байтақ даламыздың тәсінде өз еншісін алып, тіліміздің, дініміздің, тұрақтылығымыздың орнығуына себеп болуын аңсаған тілектен туған аналық сөзім еді. Маған дейін де бұл мәселені небір атпал азаматтарымыз көтерді. Оларға да Алла разы болсын! Тек менің осы мақалама жазылған пікірлер арасынан шетелдегі қандастары туралы әңгіме болса, делебелері қозып, бүйректері бұрып тұратын азаматтардың дауыстарын есті алмай отырмын (Ол менің мақаламды мақтасын, болмаса, жақсы пікір жазсын дегенім емес). Осындайда жұдырықтай жұмылмасақ, қашан үніміз шығады? Елге танымал, билікке де сөзі өтетін (билік сөзін аңдып отырған) азаматтар көші-қон мәселесін тағы бір қаузап жіберсе, қандай жарасымды болар еді!..

Баршаларыңыздың отбасыларыңызға амандық тілеймін, еліміздің тәуелсіздігі мәңгілік болсын!

Ғаламтордағы оқырмандар пікірлерін топтастырып, әзірлеген — Бағдал Ақынұлы, ҚР Журналистер одағының мүшесі.

(Жазылған пікірлердің бұрмаланбағандығын өз жауапкершілігіме аламын).

ҒАЛАМТОР ЖЕЛІСІНДЕГІ

ҚЫТАЙ және ОРТАЛЫҚ АЗИЯ





Қытай елі туралы сөз қозғала қалса, қазақ түгілі күллі әлем халқының селт ете қай қайсысы болсада қалатыны бар. Бұл заңды да, өйткені аспан асты елі геосаясат, экономика және демографиялық тұрғыдан басқаларды он орап алатындай аса алып, алпауыт мемлекет, ал бұл жағдайдың оған қоңсы қонған көрші елдердің дамуына оң иә теріс ықпал етуі заңды. Оның үстіне елімізде аталған елдің қыр-сырын ғылыми тұрғыда негізделген деректермен толық дәйектеп, ішек-қарнын ақтарып көрсететін білікті қытайтанушы (синолог) мамандардың өте аз екендігі де осындай секемденушіліктің туындауына түртікі болады.

Визалық тәртіп

Содан келіп аталмыш ел жайлы еш дерек жоқ бос кеңістік пайда болады. Табиғат ондай бос кеңістіктің пайда болуына төзбейтіндіктен, әлгі вакуум базбіреулер айтқан жалпы болжамдармен, дабыра өсек-аяңмен, аңыз-қиссалармен толығады. Мұның жақсылығынан гөрі зияны басым. Содан да болар, қоғам өкілдері арасында осы елдің Орталық Азия өңірімен, соның ішінде тікелей Қазақстанмен қауіпсіздік, экономика, көші-қон, медицина, дәрі-дәрмек, білім т.б. осы сынды толып жатқан маңызды салалар бойынша қандай қарым-қатынас орнатқандығы жайлы дәйекті ақпараттар алуға ниеттілер саны мол. Бұл қызығушылық толық қанағаттандырылмай отырғандықтан, өзекті мәселелерге қатысты пікірлер шынайы өмір ақиқатынан алшақтай береді. Шындығына келсек, ресми Бейжің мен Астана арасындағы көші-қон процесі мен демографиялық күш-қуаттың ара жігі жер мен көктей. Содан да болар, туризм саласында еңбек етіп жүрген қазақстандық шенеуніктердің жуықта қос ел арасындағы визалық тәртіпті өзгертуге құлшыныс білдіруі қоғамдық ортада едәуір дүрбелең тудырды. Себебі ондай визаны қарапайым халық емес, көбінде кәсіпкерлер көп пайдаланады. Бекітілген заңға сәйкес, тиісті рұқсат құжаттарынсыз, бірақ туристік визамен белсенді түрде сауда-саттық операцияларын жүргізумен айналысатын кәсіпкер турист болып саналмайды. Мұның кесірі ірі мегаполистердің нарығында өркениетті жолмен саудасаттық жасауға кері ықпалын тигізіп қана қоймай, бақылаушы органдардың мүмкіндігіне деген сенімсіздікті тудырады. Осыдан келіп әлгі органдар заңсыз экономикалық мигранттар жолына тосқауыл қоюға мәжбүр болады. Шынтуайтына келсек, заңды аттап өтпейтін туристерге визалық тәртіпті жеңілдетудің қажеті шамалы.

Трансшекаралық өзендер мәселесі

Орталық Азия өңірі мен Қытай арасындағы қарым-қатынастағы тағы бір өзекті мәселе — трансшекаралық өзендерді өзара бірігіп, тиімді пайдалану мәселесі, ол бүгінгі таңда күн тәртібіне өткір қойылған. Себебі Синьцзян-Ұйғыр автономиялық районын (СҰАР) дамыту үшін Қытайға су ауадай қажет. Ал бастауын осы елден алатын Іле өзені арнасы деңгейінің төмен түсіп кетуі — Қазақстан үшін бірқатар аймақтарда экологиялық және әлеуметтік апаттар туындатуы мүмкін үлкен қатер. Рас, трансшекаралық өзендерге қатысты қытай-қазақстандық комиссия жұмыс істеп жатыр.

Қос ел үшін де өмірлік маңызы зор аталған мәселе мемлекет басшылары деңгейіне дейін көтерілгенімен, әзірге одан еш қайыр болмай, мәселе сол шешімін таппаған күйінде қалуда. Мәселе өлі нүктеден алға жылжуы үшін аталған мәселенің шешілуіне мүдделілік танытқан тараптардың бәрі (соның ішінде Ресей де бар) осы тұйықтан шығудың жолын бірлесіп қарастырғандары жөн. Мәселенің өзектілігі сонда — ол Қытайдың тек суды алып қоюымен ғана шектелмейді, судың сапасы да аса маңызды. Осыған орай отандық білікті мамандар мен кәнігі сарапшылар трансшекаралық өзендерге қатысты мәселенің оң шешілуіне қоғамдық бақылау жасайтын тетіктерді пайдаланатын салалық қоғамдық бірлестік иә болмаса ғаламторлық-қоғамдастық сынды бір өкілетті орган құру керек деген пікірге дең қойған. Олардың айтуынша, бұл мәселені мүдделі тараптардың бірінің шығын орнын толтыруын талап етумен шешуге әсте болмайды, өйткені өзендердің тартылып, тайыздауы ең алдымен экологиялық апатқа соқтырады, оның ауқымын ақшалай немесе тауар баламасымен бағалау қандай шартпен болса да тиімсіз әрі кез келген тарап қабылдай алмайтын өресіздік. Бұл мәселе мүдделі тараптардың бәрінің ынтымақтастығы шеңберінде кең бағыттарға негізделген өзара тиімді шешімдер қабылдауға әкелетіндей нұсқаларды іздестірумен іске асырылуы қажет.

СҰАР — стратегиялық плацдарм

Көпшілік арасында Қытай СҰАР-ды Орталық Азияға лап қоюға қажет «плацдарм» ретінде қарастырады деген пікірлер бар. Шынында, аспан асты елінің Орталық Азия өңірімен ынтымақтастығын екі қырынан, атап айтқанда, геосаяси бақталастық тұрғысынан және Синьцзянның болашағы тұрғысынан қарауға болады. Қытай осы екеуінің біріншісінде аталған өңірдің басқа державалардың бақылауына өтіп кетуіне, болмаса оларда өзінің ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіретіндей оқиғалардың орын алуына жол бермеуді қарастырса, екіншісінде Синьцзянның Орталық Азия өңірімен сауда-саттық жасауына қолдау көрсетуді ойластырған, өйткені аталған аймақтың тауар айналымының 75 пайызға жуығы біздің елдің еншісіне тиеді. СҰАР-дың үздіксіз дами беруі Қытайға өзінің ішкі қауіпсіздігін бекемдеу үшін де аса маңызды: себебі Бейжің жүйелі түрде зорлық-зомбылық тоқтамай келе жатқан СҰАР-да тұрақты тыныштық орнағанын қалайды. Ел марқасқалары СҰАР-дағы жағдайды тұрақтандыруға экономикалық фактор да игі ықпал етеді деген пікірде. Сепаратистік ниеттегі зорлық-зомбылыққа тосқауыл қойып, аймақтағы тұрақтылықты бекемдесе, Қытай билігі бұл аймаққа елдің ішкі аймақтарынан экономикалық жағынан белсенді тұрғындарды тарта алады. Бүгінгі күні СҰАР дотациялық аймақ болып табылады. Ол елдің теңіз маңы шығыс провинцияларынан көп артта қалған. Мұндай теңсіздік елдің дамуын айтарлықтай тежейтіндіктен, ел басшыларына бұл келеңсіздікті еңсеру аса маңызды. Осыны алға тартқан мамандар Қытай тарапынан төнетін әскери қауіп-қатер жайлы әредік-әредік айтылып қалып жүрген уәждерді атүсті айтылған, өмір шындығына жанаса бермейтін, тек гипотетикалық сипатқа ғана ие қауесет деп санайды. Кәнігі сарапшылар пікірінше, Қытай үшін Орталық Азия — стратегиялық тыл, сол себепті аспан асты елі үшін өзінің ең беймаза аймағына жақын орналасқан шекара төңірегінде тұрақтылықтың іргетасын шайқалтатын қауіпті ошақтардың пайда болуы аса тиімсіз. Мұны әскери терминмен жеткізсек, Қытайдың «майдан даласы» шығыс және оңтүстік-шығыс бағыттарында жатыр. Ол — жиі-жиі «қызуы» көтеріліп тұратын Тайвань мәселесі, Жапония және Вьетнаммен арадағы даулы аралдар мәселесі, Корея түбегіндегі шиеленіс, Үндістанмен даулы территория т.б. Осы шиеленісті мәселелердің өзін шешуде Қытай әскери күш қолдануға барғысы келмейді. Себебі кез келген әскери шиеленіс Қытайдың абыройын айрандай төгіп, оның осы күнге дейін қол жеткізген экономикалық жетістіктерінің бәрінің басына су құяды. Күллі әлем нарығын жаулап алған Қытайды дүниежүзі халқы «әлемдік фабрика» деп бекер атамаған, сондықтан оған жау көзбен қарайтын елдер емес, өз тауарын өткізетін ашық нарық керек. Әлем жұртшылығы ең алдымен осыны жете түсінулері қажет. Бейжіңнің бұл саясаты оның әріптестерінің бірі — Қазақстанға да үлкен сабақ екені даусыз.

Ермек Сахариев